

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BTOUP3.2026/ISSN2710-2661>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUP3.2026/594-609>

***А. К. Курманова¹, Н. К. Смагулова²**

^{1,2}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0795-7035>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8822-5807>

*e-mail: k_ainash_k@mail.ru

ТІЛДІК БІЛІМНЕН – ТІЛДІК БІЛІКТІЛІККЕ: ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ АУЫСУ

Мақалада білім беру парадигмасының «білімнен – құзіреттілікке» бағытталуы және тілді әлеуметтік әрекет ретінде тану аясында тілдік білімнен біліктілікке көшудің тұжырымдамалық негіздері қарастырылады. Зерттеу мақсаты – дәстүрлі тілдік білім парадигмасынан қатысымдық, мәнімәнділік әрекетке бағдарланған тәсілдерге негізделген тілдік біліктілікке ауысудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау. Зерттеу нысаны – жоғары оқу орны білім алушыларының тілдік даярлық деңгейі мен оқу бағдарламаларының мазмұны. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалық, жүйелеу және жіктеу, мазмұндық талдау, интерпретациялау, педагогикалық модельдеу мен сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Тәжірибелік зерттеу Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 1 курс студенттері арасында ($n=26$) өткізілді. Нәтижесінде білім алушылардың тілдік білімді жақсы игергендері (82–88 %) , ал нақты қатысымдық дағдыларының жеткілікті деңгейде дамығаны (58–62 %) байқалды. Сондықтан қатысымдық жаттығулар, рөлдік ойындар, пікірлесімдер және жағдаяттық тапсырмалар тілдік біліктіліктің прагматикалық, әлеуметтік-мәдени компоненттерінің дамуына статистикалық тұрғыдан әсер ететіні ($p<0,01$; өсім 11,9 %) анықталды. Сонымен қатар тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени және прагматикалық компоненттерден тұратын тілдік біліктіліктің құрылымдық моделі мен оны қалыптастырудың кезеңдік педагогикалық моделі ұсынылды. Қорытындыда тілдік білімнен тілдік біліктілікке көшу динамикалық,

сатылы, күрделі үдеріс екендігі және бұл үдеріс қатысымдық тапсырмаларды жүйелі түрде енгізудің қажеттілігі негізделді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында тілдік даярлықты жетілдіруге және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістемелік шешімдер әзірлеуге ықпал етеді.

Кілтті сөздер: тілдік білім, тілдік біліктілік, қатысымдық күзіреттілік, функционалдық-коммуникативтік тәсіл, рөлдік ойын, пікірлесім, жағдаяттық тапсырмалар, тілдік даярлық.

Кіріспе

Жоғары оқу орындарындағы тәжірибе анықтайтын қарама-қайшылық мынау: білім алушы грамматикалық ережелерді жақсы біледі, бірақ нақты сөйлесу жағдайында тілді еркін қолдана алмайды. Бұл алшақтық тілдік білім мен тілдік біліктілік ұғымдарының арасындағы іргелі айырмашылықты көрсетеді. Қазіргі лингводидактикада тіл тек грамматикалық жүйе ретінде емес, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынас құралы ретінде қаралады. Тілдік күзіреттілік түсінігінің тек грамматикалық ережелермен шектелмейтіні Д. Хаймастың қатысымдық күзіреттілік тұжырымдамасымен анықталады. Тіл үйренуші тек грамматикалық құрылымдарды меңгерумен шектелмей, тілдік бірліктерді әлеуметтік және прагматикалық жағдаяттарға сәйкес орынды қолдана алу қабілетін игеруімен тұжырымдалады [1]. Ғалым Н. Тешабоева да осы мәселені қарастырып, қатысымдық күзіреттілік тілдік білімді нақты әлеуметтік контексте пайдалануға бағыттайтынын атап өтеді [2]. М. Канале мен М. Суэйнның моделі де осы тұжырымды нығайтады: тілдік біліктілік грамматикалық, социолингвистикалық, дискурстық және стратегиялық күзіреттіліктердің бірлігі ретінде анықталады [3, 4]. CEFR тілдік білімді емес, тілді нақты жағдаяттарда қолдану қабілетін оқытудың басты нәтижесі ретінде белгілейді [5]. Осы теориялық негіздерге сүйене отырып, зерттеу мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- тілдік білім мен тілдік біліктілік ұғымдарының лингвистикалық, психолингвистикалық және лингводидактикалық тұрғыдан арақатынасын талдау;

- қатысымдық күзіреттілік теорияларының тілдік біліктілікті қалыптастырудағы ғылыми-әдіснамалық әлеуетін айқындау;

- тілдік біліктіліктің құрылымдық компоненттерін жүйелеу және олардың өзара байланыстарын негіздеу;

- тілдік білімнен тілдік біліктілікке көшуге бағытталған қатысымдық, контекстік және әрекетке бағдарланған оқыту тәсілдерінің мазмұнын сипаттау;

– қатысымдық жаттығулардың тілдік біліктілікті қалыптастырудағы рөлін теориялық және эмпирикалық тұрғыда дәлелдеу;

– жоғары оқу орындарында тілдік пәндерді оқыту тәжірибесіне тілдік біліктілікке бағдарланған модельді енгізудің педагогикалық мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеу міндеттері тілдік білім парадигмасынан тілдік біліктілік парадигмасына көшудің теориялық негіздерін, тіл оқыту үдерісінде көрініс табу жолдарын, сондай-ақ қатысымдық, мәнмәтіндік және әрекетке бағытталған тәсілдердің педагогикалық тетіктерін анықтауды қажет етеді. Ұсынылып отырған тұжырымдамалық ауысу әлемдік деңгейдегі іргелі ғылыми зерттеулерге сүйенеді және тіл оқыту әдістемесіндегі негізгі бағыттардың қалыптасуына негіз болады. Тілдік біліктілік моделінің теориялық-әдіснамалық тірегін құрайды. Бұл зерттеулер өзара байланысты үш бағытта жүргізіледі: функционалдық-коммуникативтік – тілді нақты контексте қолдану; құрылымдық – біліктілік компоненттерін жүйелеу және еуропалық стандарттарға бағдарланған – тілді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін оқытудың негізгі нәтижесі ретінде белгілеу. CEFR осы бағытты халықаралық деңгейде бекітіп, тілдік біліктілікке бағдарланған оқытуды жоғары білім берудің практикалық талабы ретінде қарастырады. Қазақстандық білім беру жүйесінде тілдік даярлыққа қатысымдық мәнмәтіндік және әрекетке бағытталған тәсілдерді енгізу стратегиялық бағыт ретінде қарастырылған. Соңғы жылдардағы әдістемелік зерттеулерде осы тәсілдердің теориялық негіздері мен практикалық тиімділігі жан-жақты зерттелу үстінде. Атап айтсақ, зерттеуші А. К. Курманова білім алушылардың қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру әдістерін зерттеп, қатысымдық бағдарлы оқытудың теориялық негіздері мен қолданылу жолдарына тоқталса, [6, 95–97-бб.] ғалым Н. С. Орынғали тілдік дағдыларды тек грамматикалық деңгеймен шектемей, әртүрлі қатысымдық жағдайларда мағынаны жеткізу қабілеті ретінде қарастырудың маңызын дәлелдеді [7, 301-б]. Сонымен қатар ғалымдар А. С. Сейдикенова мен Ю. С. Рахимова мәдениетаралық қарым-қатынасты тілдік біліктіліктің құрамдас бөлігі деп есептесе, [8, 301–305-бб.] зерттеуші А. Т. Жұмабекова функционалдық сауаттылықты даытуда тілдік біліктіліктің маңызды рөлін атап өтеді [9]. Ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, зерттеу барысында тілдік біліктіліктің өзіндік кешенді құрылымы дәстүрлі тілдік білімнен айырмашылығы ретінде танылды.

Педагогикалық модельдеуде біліктіліктің тілдік (фонетика мен лексика-грамматиканы меңгеру), сөйлеу (тілдік элементтерді нақты қатысымдық тапсырмаларды қолдану), әлеуметтік-мәдени (әлеуметтік және мәдени контексте тілдік әрекетті жүзеге асыру) және прагматикалық (қатынас

мақсатын ескере отырып тілдік әрекетті тиімді қолдану) компоненттері бөліп көрсетілді. Мысалы, прагматикалық компонент білім алушының ресми және бейресми жағдаяттарда тілдік құралдарды дұрыс таңдай алуына, ал әлеуметтік-мәдени компонент мәдени нормаларды ескере отырып пікір білдіруіне бағытталған қабілетке негізделеді. Модель тілдік тұлғаның жан-жақты дамыған коммуникатор ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тілдік біліктілікті қалыптастыруда қатысымдық жаттығулар, жағдаяттық тапсырмалар және әрекетке бағытталған оқыту тәсілдері шешуші рөл атқарады, өйткені олар тілдік білімді нақты әлеуметтік жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығуларды құрастыруда тілдік бірліктердің контексте байланысы және сөйлеушінің нақты мақсаты маңызды, кез келген ақпарат алмасу белгілі бір жағдаятта, мағыналық сабақтастықта жүзеге асады [10]. Бұл тұжырым тілдік дайындық пен оқыту бағдарламаларын жаңғыртуға, сондай-ақ қатысымдық және функционалдық дағдыларды дамытуға бағытталған үлгілерді енгізудің педагогикалық-әдістемелік негізі бола алады. Осы теориялық тұжырымдарды эмпирикалық тұрғыдан тексеру мақсатында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде зерттеу жүргізілді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық құрылымы қойылған зерттеу сұрақтарына сәйкестендірілді. Негізгі зерттеу сұрағына сәйкес тілдік білім мен тілдік біліктілік ұғымдарына қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл талдау аталған ұғымдардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу дизайны ретінде аралас әдістемелік кешен (сапалық және сандық талдау) қолданылды. Эмпирикалық зерттеу 2023–2024 оқу жылының күзгі семестрінде Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде жүргізілді. Зерттеуге оқу орыс тілінде жүргізілетін «6B01301 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «6B01101 – Педагогика және психология», «6B01701 – Шетел тілі: негізгі мектепте екі шет тілі (ағылшын, неміс/қытай)», «6B01708 – Орыс тілі мен әдебиеті», «6B01502 – География-тарих» білім беру бағдарламаларының 1 курс студенттері қатысты (n=26). Іріктеу колжетімді тәсіл арқылы жүзеге асырылды. Білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, лексика және грамматика бөлімдерінен тұратын алдын ала диагностикалық тест жүргізілді. Алынған нәтижелер негізінде білім алушылар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Топтарды қалыптастыру кезінде алдын ала тест нәтижелері мен деңгейлік көрсеткіштер ескеріліп, топтардың бастапқы даярлық деңгейінің салыстырмалылығы

камтамасыз етілді. Тәжірибелік жұмыс 15 апта көлемінде жүзеге асырылды. Эксперименттік топта қазақ тілін оқыту барысында қатысымдық жаттығулар жүйесі (рөлдік ойындар, сұхбаттар, пікірталастар, жобалық жұмыстар және жағдаяттық тапсырмалар) жүйелі түрде қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері қолданылды. Эксперименттің мақсаты қатысымдық жаттығулардың білім алушылардың тілдік білімін, қатысымдық дағдыларын, қарым-қатынасқа деген сенімділігін және тіл үйренуге деген ынтасын дамытудағы тиімділігін анықтау болды. Зерттеу материалдары ретінде жоғары оқу орнының тілдік пәндерінің оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулықтар, қатысымдық бағыттағы тапсырмалар, диагностикалық тесттер, сауалнама нәтижелері және білім алушылардың оқу жетістіктері пайдаланылды. Зерттеуде салыстырмалы-талдамалық, жүйелеу және жіктеу, мазмұндық талдау, интерпретациялау, педагогикалық модельдеу зерттеу әдістері қолданылды. Алынған нәтижелерді өңдеуге сипаттамалық статистика және G-критерий (таңбалар критерийі) пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі қазіргі тілдік теориялық парадигмалар мен педагогикалық тәжірибелерді интеграциялауға бағытталды. Жүйелілік қағидаты тілдік біліктіліктің компоненттерін кешенді қарастыруға мүмкіндік берсе, күзиреттілік қағидаты оқыту нәтижелерін нақты әрекетпен байланыстыруды көздейді. Ал әрекетке бағытталған оқыту білім алушылардың тілдік құралдарды нақты қатысымдық жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға негізделді.

Эксперименттік жұмыстың тиімділігін анықтау мақсатында білім алушылардың тілдік біліктілігі төрт негізгі критерий бойынша бағаланды: грамматикалық дәлдік, сөйлеу дағдысы, прагматикалық дағды және әлеуметтік-мәдени дағды. Критерийлерді іріктеу тілдік біліктіліктің құрылымдық компоненттеріне және қатысымдық оқыту қағидаттарына негізделді. Грамматикалық дәлдік критерийі білім алушылардың грамматикалық құрылымдарды, сөз формаларын, септік, жіктік және тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдану деңгейін анықтауға бағытталды. Бағалау барысында грамматикалық қателер саны, олардың сөйлеудің түсініктілігіне әсері және грамматикалық нормаларды сақтау дәрежесі ескерілді. Сөйлеу дағдысы критерийі білім алушылардың өз ойын жүйелі әрі түсінікті жеткізуі, сөздік қорды орынды пайдалануы, сөйлеудің байланыстылығы, сөйлеу қарқыны және диалогке қатысу белсенділігі арқылы анықталады. Прагматикалық дағды критерийі білім алушылардың нақты қатысымдық жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды таңдай алуы, қарым-қатынас мақсатына жетуі, сұрақ қою, жауап беру, пікір білдіру және сөйлесім стратегияларын қолдану қабілеті негізінде бағаланды. Әлеуметтік-мәдени дағды критерийі білім алушылардың қазақ тіліндегі сөйлеу әдебін сақтауы, ұлттық-мәдени

ерекшеліктерді ескере отырып қарым-қатынас жасауы, этикеттік тілдік бірліктерді орынды қолдануы және мәдени контексті түсінуі арқылы анықталды. Әр критерий бойынша білім алушылардың жұмыстары арнайы әзірленген бағалау парағы негізінде сараланды. Бағалау тапсырмаларына ауызша сұхбат, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірлесім тапсырмалары және жазбаша жұмыстар енгізілді. Әр критерий 100 балдық шкала бойынша бағаланып, кейін пайыздық көрсеткішке ауыстырылды. Бағалау нәтижелері төмендегі деңгейлер бойынша интерпретацияланды (1-кесте).

1-кесте – Зерттелетін көрсеткіштердің қалыптасу деңгейлерін бағалаудың пайыздық шкаласы

Деңгей	Пайыздық көрсеткіш
Төмен деңгей	0–49 %
Орта деңгей	50–74 %
Жоғары деңгей	75–100 %

Критерийлер бойынша деңгейлік дескрипторлар төмендегідей анықталды (2-кесте).

2-кесте – Қатысымдық құзыреттілікті бағалау критерийлері бойынша деңгейлік дескрипторлар

Критерий	Төмен деңгей (0–49 %)	Орта деңгей (50–74 %)	Жоғары деңгей (75–100 %)
Грамматикалық дәлдік	Грамматикалық қателер жиі кездеседі, сөйлем құрылымдарын қолдануда қиындық байқалады, қателер ойды түсінуге кедергі келтіреді.	Негізгі грамматикалық құрылымдарды қолданады, кейбір қателер кездескенімен, қарым-қатынасқа елеулі әсер етпейді.	Грамматикалық құрылымдарды дұрыс әрі орынды қолданады, қателер өте аз немесе мүлде кездеспейді.
Сөйлеу дағдысы	Ойын жүйелі жеткізуде қиындық көреді, сөздік қоры шектеулі, диалогке сирек қатысады.	Өз ойын жеткізе алады, сөздік қоры жеткілікті, диалогке қатысуы тұрақты.	Өз ойын еркін, жүйелі және дәл жеткізеді, қарым-қатынасқа белсенді қатысады.

Прагматикалық дағды	Қатысымдық жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды тандауда қиналады, сөйлесім мақсатына толық жете алмайды.	Қатысымдық жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды негізінен дұрыс қолданады, сөйлесім мақсатына ішінара жетеді.	Қатысымдық жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды тиімді пайдаланып, сөйлесім мақсатына толық жетеді.
Әлеуметтік-мәдени дағды	Сөйлеу әдебі мен мәдени нормаларды сақтауда қиындықтар байқалады.	Әлеуметтік-мәдени нормаларды негізінен сақтайды, кейбір дәлсіздіктер кездеседі	Қазақ тіліндегі сөйлеу әдебін, мәдени нормаларды және ұлттық ерекшеліктерді орынды қолданады.

Эксперименттің анықтау және қалыптастыру кезеңдерінде алынған нәтижелер осы критерийлер негізінде салыстырылып, білім алушылардың тілдік біліктілігінің өзгеру динамикасы анықталды. Сандық деректердің статистикалық мәнділігін тексеру үшін G-критерийі қолданылды. Деректер Microsoft Excel бағдарламасында өңделіп, орташа көрсеткіштер мен өсу динамикасы есептелді. Эксперименттің тиімділігін бағалау үшін білім алушылардың бастапқы және қорытынды тест нәтижелері салыстырылды. Нәтижелердің статистикалық мәнділігін анықтау мақсатында жұпталған Студенттің t-критерийі және G-критерийі (таңбалар критерийі) қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0,05$ деп қабылданды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері тілдік білім мен тілдік біліктілік арасындағы айырмашылықтың жоғары оқу орындарында айқын көрінетінін көрсетті. Тілдік білім көбіне грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді меңгерумен шектеліп, декларативті деңгейде қалып қояды, соның салдарынан оны нақты қатысымдық жағдайда пайдалану қиын болады. Ал тілдік біліктілік білім алушылардың тілдік құралдарды нақты қатысымдық жағдаяттарда тиімді пайдалана алу қабілеті арқылы айқындалды. Білім алушылардың грамматикалық дәлдігі жоғары деңгейде (82–88 %) болғанымен, олардың коммуникативтік, прагматикалық және әлеуметтік-мәдени дағдылары орташа деңгейде (58Ц62 %) қалыптасқан. Бұл нәтижелер тілдік білімнің автоматты түрде функционалдық деңгейге ауыспайтынын айқындайды. Зерттеу нәтижесінде тілдік біліктіліктің тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени және прагматикалық компоненттерінен тұратыны

анықталды. Бұл компоненттер М. Канале мен М. Суэйн ұсынған қатысымдық күзiреттiлiк теориясымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келедi. 3-кестеде бiлiм алушылардың тiлдiк және қатысымдық дағдыларының динамикасы көрсетiлген.

3-кесте – Бiлiм алушылардың тiлдiк және қатысымдық дағдыларының динамикасы (n=26)

Дағды компоненттерi	Бастапқы деңгей %	Қорытынды деңгей %	Өсiм%	t-мәнi	p-мәнi
Грамматикалық дәлдік	82,4	87,6	+5,2	1,42	>0,05
Сөйлеу дағдысы	60,1	65,3	+5,2	2,01	<0,05
Прагматикалық дағды	58,3	70,2	+11,9	3,45	<0,01
Әлеуметтік-мәдени дағды	59,2	71,1	+11,9	3,38	<0,01

3-кестедегi деректерге сүйенсек, грамматикалық дағдылар бастапқы кезеңде салыстырмалы түрде жоғары деңгейде болғанымен, олардың дамуында статистикалық тұрғыдан маңызды өзгерістер байқалмады ($p > 0,05$). Нәтиже грамматикалық дәлдіктің артуы қатысымдық дағдылардың айтарлықтай ықпал етпейтiнiн аңғартты. Ал қатысымдық компоненттер бойынша даму статистикалық тұрғыдан елеулі деңгейде болды ($< 0,05$; $< 0,01$). Бұл арнайы ұйымдастырылған қатысымдық тапсырмалар бiлiм алушылардың сөйлеу, прагматикалық және әлеуметтік-мәдени қабiлеттерiнiң дамуына айтарлықтай ықпал еткенiн көрсеттi. Аталған нәтижелер қатысымдық жаттығулардың тиiмдiлiгiн дәлелдейдi. Алынған теориялық және эмпирикалық деректер тiлдiк бiлiктiлiктiң кезеңдiк педагогикалық моделiн нақтылауға мүмкiндiк бердi (1-сурет).




1-сурет – Тілдік біліктілікті қалыптастырудың кезеңдік педагогикалық моделі

Ұсынылған модель тілдік білімнің тілдік біліктілікке ұласу үдерісін үш өзара байланысты кезең арқылы сипаттайды. Бірінші кезеңде білім алушылар тілдің лексикалық және грамматикалық негіздерін меңгереді, сөздік қорын толықтырып, тілдік нормалармен танысады. Бұл кезеңде тіл туралы білім қалыптасқанымен, оны қатысымдық жағдаяттарда қолдану тәжірибесі әлі жеткілікті деңгейде дамымайды. Екінші кезеңде меңгерілген білімді тәжірибеде қолдануға басымдық беріледі. Білім алушылар диалогтерге қатысу, пікір алмасу, рөлдік ойындарды орындау және жағдаяттық тапсырмаларды шешу арқылы сөйлеу дағдыларын дамытады. Нәтижесінде теориялық білім біртіндеп практикалық әрекетке айналып, қатысымдық құзыреттіліктің қалыптасуына негіз болады. Үшінші кезеңде білім алушы тілді еркін меңгеріп, оны түрлі коммуникативтік жағдаяттарда тиімді қолдана алады. Ол өз ойын нақты әрі жүйелі жеткізіп, әлеуметтік ортада сенімді қарым-қатынас жасау деңгейіне жетеді. Оқу бағдарламаларын талдау нәтижелері ұсынылған модельдің өзектілігін растады. Талдау барысында тапсырмалардың шамамен 70 %-ы грамматикалық білімді қалыптастыруға бағытталғаны, ал қатысымдық әрекеттерге арналған тапсырмалар үлесінің 30 % шамасында екені анықталды. Бұл тілдік білім мен тілдік біліктілік арасындағы сабақтастықты күшейту және қатысымдық жаттығулар үлесін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері қатысымдық, контекстік (мәнмәтіндік) және әрекетке бағытталған оқыту тәсілдерінің тілдік білімді тілдік біліктілікке айналдырудағы маңыздылығын айқындады. Рөлдік ойындар,

пікірлесімдер және жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың тілдік шешім қабылдау қабілеті, сөйлеу сенімділігі және әлеуметтік-мәдени контексті ескерудегі дағдыларының қалыптасуына оң ықпал етті. Қатысымдық тапсырмаларды бірізділікпен енгізудің арқасында білім алушылардың сөйлеу және прагматикалық дағдыларының даму деңгейі 65-75 % дейін өскені байқалды. Мұндай өзгерістер бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерінің салыстырмалы талдауымен расталды. Зерттеу нәтижелері тілдік біліктілікті тиімді қалыптастыру тек жеке тапсырмалар арқылы ғана емес, әртүрлі тапсырмаларды өзара байланыста және жүйелі түрде қолдануға тәуелді екенін көрсетті. Осы үдерістің негізгі механизмдері 2-суретте келтірілген.



2-сурет – Қатысымдық, контекстік (мәнмәтіндік) және әрекетке бағытталған тапсырмалардың тетіктері

Қатысымдық тапсырмалар тілдік біліктіліктің әр қырын дамытуда бірін-бірі толықтырады: рөлдік ойындар шынайы шешім қабылдау дағдысын қалыптастырса, пікірлесім мен жағдаяттық тапсырмалар тілді мақсатқа сай, мәнмәтінге орай қолдануды үйретеді. Нәтижесінде білім алушы тілді тек ережелер арқылы ғана емес, нақты қарым-қатынас тәжірибесі арқылы меңгереді.

Зерттеулер көрсеткендей, тілдік білім мен тілдік біліктілік өзара тығыз байланыста болғанымен, олар бірдей ұғымдар емес. Басқаша айтқанда, грамматикалық ережелерді білудің өзі оларды еркін түрде қолдана алу мүмкіндігін әрдайым қамтамасыз етпейді. Бұл Н. С. Орынғали [7] атап өткендей, тіл үйретуде грамматикалық білімге шамадан тыс басымдық берудің шектеулілігін көрсетеді. 3-кестедегі деректер грамматикалық дәлдіктің 82,4 %-дан 87,6 %-ға дейін өскенін көрсетті. Алайда бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болған жоқ ($p > 0,05$), себебі білім алушылардың грамматикалық дайындығы эксперимент

басталғанға дейін-ақ жеткілікті деңгейде қалыптасқан болатын. Керісінше, прагматикалық және әлеуметтік-мәдени дағдылар бойынша статистикалық мәнді өсім байқалды ($p > 0,01$), бұл қолданылған қатысымдық жаттығулардың аталған компоненттерді дамытудағы тиімділігін дәлелдейді. Алынған нәтижелер М.Канале мен М.Суэйннің коммуникативтік құзыреттілік моделімен [3; 4] CEFR қағидаттарымен [5] сәйкес келеді. Сонымен қатар оқу бағдарламаларын талдау нәтижелері тапсырмалардың шамамен 70 %-ы грамматикалық білімді меңгертуге, ал 30%-ы ғана қатысымдық әрекеттерді дамытуға бағытталғанын көрсетті. Бұл оқыту үдерісінде теориялық білім мен практикалық тілдік қолданыс арасындағы тепе-теңдіктің толық сақталмай отырғанын аңғартады.

Кезеңдік модельдің (1-сурет) талқылауы декларативті білімнің қатысымдық тәжірибе арқылы функционалдық біліктілікке айналу механизмін нақтылайды. Бұл үдерісте екінші кезеңдегі рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар шешуші аралық буын рөлін атқарады. Тәжірибелерсіз тілдік білімнің функционалдық деңгейге өтуі мүмкін емес. Трансформация механизмдері 2-суретте берілген, онда әрбір тапсырма түрі тілдік біліктіліктің нақты компонентін дамытуға бағытталғанымен, олардың жүйелі үйлесуі ғана толыққанды нәтижеге қол жеткізетінін көрсетеді. Сол себепті оқыту үдерісінің кезеңділігі мен тапсырмалардың үйлесімді интеграциясы модельдің тиімділігін арттыруда негізгі факторлар болып саналады.

Зерттеу нәтижелерін талдау кезінде келесі шектеулер ескерілуі тиіс екенін анықталды:

- Таңдаманың шағындығы ($n=26$). Білім алушылар саны аз болғандықтан, зерттеу қорытындыларын жалпылау кезінде сақ болу керек. Бұл мәселені шешу үшін болашақта іріктеме көлемін арттыру қажет.
- Зерттеудің тек бір оқу орнында жүргізілуі. Зерттеу Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 1 курс студенттері арасында ғана іске асырылды. Сондықтан нәтижелерді басқа оқу орындарының контекстінде қайта тексеру ұсынылады.
- Уақыттың шектеулі болуы (бір семестр). Ұзақ мерзімді нәтижелерді бағалау үшін уақыт жеткіліксіз болды. Тұрақты әсерді анықтау мақсатында лонгитюдтік зерттеу жүргізу қажет.
- Бағалаудың субъективтілігі. Қатысымдық дағдыларды бағалау белгілі дәрежеде бағалаушының жеке пікіріне тәуелді болды. Сондықтан бағалау процесін стандартизациялау үшін CEFR дискрипторлары сияқты нақты өлшемдерге сүйену ұсынылды.

Осы шектеулерді ескере отырып, болашақта зерттеуді келесі бағыттар бойынша жалғастыру қажет:

- көпбейінді, техникалық, педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарында аналогтық зерттеулер жүргізу;
- ұсынылған педагогикалық модельдің тиімділігін ұзақ мерзім (2-3 жыл) бойы бақылап тексеру;
- білім алушылардың өзін-өзі бағалау нәтижелері мен оқытушы берген бағаларды салыстыра зерттеу;
- қатысымдық тапсырмалардың тиімділігін арттыру мақсатында цифрлық технологияларды қолдану әдістерін зерттеу.

Қорытынды

Зерттеу барысында тілдік білімнен тілдік біліктілікке өту қазіргі заманғы тіл біліміндегі маңызды концептуалды өзгеріс екені анықталды. Егер тілдік білім грамматикалық және лексикалық ережелерді меңгеруге бағытталса, тілдік біліктілік тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени және прагматикалық компоненттердің өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады. Бұл тіл үйрену үдерісінің тек теориялық негіздермен шектелмей, нақты қарым-қатынас тәжірибесіне сүйенуі тиіс екенін дәлелдейді. Ұсынылған кезеңдік модель (1-сурет) осы өту жолын нақтылайды: эмпирикалық деректер оның тиімділігін растады – прагматикалық және әлеуметтік-мәдени дағдылар статистикалық мәнді өсім берді ($p > 0,01$). Практикалық тұрғыдан тиімді нәтижеге жету үшін грамматикалық және қатысымдық жаттығулар арасындағы тепе-теңдікті сақтау, бағалауды нақты коммуникативтік нәтижеге бейімдеу және оқытушының әдістемелік даярлығын жетілдіру шешуші роль атқарады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Hymes, D.** On Communicative Competence [Text] // Pride, J. B., Holmes, J. (eds.), Sociolinguistics. Selected Readings. – Harmondsworth : Penguin, 1972. – P. 269–293. [Electronic resource]. – <https://www.homes.uni-bielefeld.de/sgramley/Hymes-2.pdf> (Access date 11.01.2026).

2 **Teshaboyeva, N. Z.** The difference between linguistic competence and communicative competence [Text] // International Journal of Multidisciplinary Research. – 2024. – № 57. – Vol. 2. – P. 184–188. – <https://doi.org/10.5281/zenodo.15453309>

3 **Canale, M., Swain, M.** Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing [Text] // Applied Linguistics. – 1980. – № 1(1). – Vol. 1. – P. 1–47. [Electronic resource]. – <https://dx.doi.org/10.1093/applin/1.1.1>

4 **Canale, M.** From Communicative Competence to Communicative Language Pedagogy [Text] // In Richards & Schmidt (Eds.), Language and Communication. – London : Longman, 1983. – P. 2–27. – <https://doi.org/10.4324/9781315836027-2>

5 Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 2001. [Electronic resource]. – <https://rm.coe.int/1680459f97> (Access date 11.01.2026)

6 **Курманова, А. К.** Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері [Текст] // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Philological Series. – 2022. – № 2. – Б. 91– 101. – <https://doi.org/10.59102/kufil/2022/iss2pp91-101>

7 **Oryngali, N. S.** Communicative Competence as the core of English language teaching [Text] // Bulletin of West Kazakhstan Innovative and Technological University. Scientific Journal. – 2025. – № 4. – Vol. 36. – P. 298–306. – <https://doi.org/10.62724/202540308>

8 **Seidikenova, A. S., Rakhimova, Yu. S.** Learning with a language Partner as a way to Form Intercultural Communication Competence [Text] // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL Series “Philological Sciences”. – 2023. – № 2(69). – P. 296–306. – <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.020>

9 **Жумабекова, А. Т.** Функционалдық сауаттылықты дамытуда тілдік біліктіліктің рөлі [Текст] // Қазақ білім беру журналы. – 2024. – №3. – P. 25–31.

10 **Курманова, А. К.** Қатысымдық жаттығулар: зерттеулер мен оқулықтарға талдау [Текст] // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы. – 2022. – №4(1). – Б. 233–245. – <https://doi.org/10.480881/KZWL.2389>

References

1 **Hymes, D.** On Communicative Competence [Text] // Pride, J. B., Holmes, J. (eds.), Sociolinguistics. Selected Readings. – Harmondsworth : Penguin, 1972. – P. 269–293. [Electronic resource]. – <https://www.homes.uni-bielefeld.de/sgramley/Hymes-2.pdf> (Data of Access: 11.01.2026).

2 **Teshaboyeva, N. Z.** The difference between linguistic competence and communicative competence [Text] // International Journal of Multidisciplinary Research. – 2024. – № 57. – Vol. 2. – P. 184–188. – <https://doi.org/10.5281/zenodo.15453309>

3 **Canale, M., Swain, M.** Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing [Text] // Applied Linguistics. – 1980. –

№ 1(1). – Vol. 1. – P. 1–47. [Electronic resource]. – <https://dx.doi.org/10.1093/applin/1.1.1>

4 **Canale, M.** From Communicative Competence to Communicative Language Pedagogy [Text] // In Richards & Schmidt (Eds.), Language and Communication. – London : Longman, 1983. – P. 2–27. – <https://doi.org/10.4324/9781315836027-2>

5 Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 2001. [Electronic resource] – <https://rm.coe.int/1680459f97> (Access date 11.01.2026)

6 **Kurmanova, A. K.** Bilim alushylardyn kommunikativtik kuzyrettiligin kalypstasyrudyn tiimdi adisteri [Effective methods for developing learners' communicative competence [Text] // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Philological Series. – 2022. – № 2. – P. 91–101. – <https://doi.org/10.59102/kufil/2022/iss2pp91-101>

7 **Oryngali, N. S.** Communicative Competence as the core of English language teaching [Text]. // Bulletin of West Kazakhstan Innovative and Technological University. Scientific Journal. – 2025. – № 4. – Vol. 36. – P. 298–306. – <https://doi.org/10.62724/202540308>

8 **Seidikenova, A. S., Rakhimova, Yu. S.** Learning with a language Partner as a way to Form Intercultural Communication Competence [Text] // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL Series “Philological Sciences”. – 2023. – № 2(69). – P. 296–306. – <https://doi.org/10.48371/PHIL.S.2023.69.2.020>

9 **Zhumabekova, A. T.** Funkcionaldyq sauattylyqty damytuda tildik biliktiktin roli [The role of language competence in developing functional literacy] [Text] // Qazaq bilim beru zhurnaly. – 2024. – № 3. – P. 25–31.

10 **Kurmanova, A. K.** Katysymdyq zhattyghular: zertteuler men oqulyqtarga taldau [Communicative exercises: analysis of research and textbooks] [Text] // Toraigrov universitetinin Khabarshysy, Pedagogikalyq seriyasy. – 2022. – №4(1). – P. 233–245. – <https://doi.org/10.480881/KZWL.2389>

18.01.26 ж. баспаға түсті.

28.07.26 ж. түзетулерімен түсті.

03.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. К. Курманова¹, Н. К. Смагулова²

^{1,2}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Поступило в редакцию 18.01.26.

Поступило с исправлениями 28.07.26.

Принято в печать 03.08.26.

ОТ ЯЗЫКОВОГО ЗНАНИЯ К ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ ПЕРЕХОД

В статье исследуется противоречие, характерное для практики высшей школы: студенты хорошо знают грамматические правила, однако не способны свободно пользоваться языком в реальной коммуникации. В современной методике преподавания язык рассматривается не только как структурная система, но и как коммуникативный инструмент, используемый в социальном, культурном и прагматическом контексте. В ходе исследования были проанализированы уровень языковой подготовки студентов, учебные программы, методические материалы и коммуникативные задания в высших учебных заведениях. Результаты эмпирического наблюдения показали, что грамматические и лексические аспекты языковых знаний развиты достаточно, однако реальные коммуникативные навыки остаются низкими. В качестве педагогического механизма, способствующего развитию коммуникативных, прагматических и социокультурных навыков студентов, были определены коммуникативные упражнения, ролевые игры, диалоговые формы (дискуссии) и ситуативные задания. В статье систематизированы четыре компонента языковой компетенции – языковой, речевой, социально-культурный и прагматический – и показаны их взаимосвязи. Результаты исследования подтверждают, что переход от языковых знаний к языковой компетенции является динамическим, поэтапным и комплексным процессом, а коммуникативные, контекстные и деятельно-ориентированные методы обучения имеют теоретическое и практическое обоснование. Работа может служить основой для совершенствования языковой подготовки в вузах, повышения профессиональной языковой компетентности и развития функциональной грамотности.

Ключевые слова: языковые знания, языковая компетенция, коммуникативная компетентность, функционально-коммуникативный подход, ролевая игра, дискуссия, ситуационные задания, языковая подготовка.

*A. K. Kurmanova¹, N. K. Smagulova²

^{1,2}Sh. Ualikhanov Kokshetau University,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Received 18.01.26.

Received in revised form 28.07.26.

Accepted for publication 03.08.26.

FROM LINGUISTIC KNOWLEDGE TO LANGUAGE COMPETENCE: A CONCEPTUAL TRANSITION

This article addresses a gap widely observed in higher education practice: learners demonstrate high grammatical accuracy yet struggle to communicate effectively in real-world contexts. In modern language teaching methodology, language is considered not only as a structural system but also as a communicative tool used in social, cultural, and pragmatic contexts. The study analyzed students' language proficiency levels, curricula, methodological materials, and communicative tasks in higher education institutions. Empirical observations revealed that while grammatical and lexical aspects of language knowledge are sufficiently developed, actual communicative skills remain low. Communicative exercises, role-plays, discussions, and situational tasks were identified as key pedagogical mechanisms for effectively developing students' communicative, pragmatic, and socio-cultural skills. The article systematizes four components of language competence – linguistic, speech, socio-cultural, and pragmatic – and demonstrates their interconnections. The results confirm that the transition from language knowledge to language competence is a dynamic, staged, and complex process, and that communicative, contextual, and activity-based teaching methods have both theoretical and practical foundations. This work can serve as a basis for enhancing language training in higher education, improving professional language competence, and developing functional literacy.

Keywords: language knowledge, language competence, communicative competence, functional-communicative approach, role-play, discussion, situational tasks, language training.

Теруге 03.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 14.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,45 МБ

Шартты баспа табағы 49,9

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4597

Сдано в набор 03.08.2026 г. Подписано в печать 14.09.2026 г.

Электронное издание

6,45 МБ, Усл.п.л. 49,9.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4597

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 133 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 133 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz